



Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

№1 2019 жылғы 1 – 31 қаңтар

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакциялық кеңестің құрамы:

Редактордың міндетін атқарушы:

А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:

П.Е. Орлов

Ә.Қ. Мадиярова

Н.В. Сарсенова

А.Е. Сәрсенбаева

шығарылымға жауапты:

Н.Н. Шабанова

Тел.: 8 (727) 330-24-97

Құрылтайшы – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі РММ

050040, Алматы қ.,

«Көктем-3» ы/а, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде

1997 ж. 24.02. №432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады



РЕДАКЦИЯДАН:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға 2019 жылғы 1–31 қаңтар аралығындағы кезеңдегі «ҚҰБ Хабаршысы» журналының кезекті №1 шығарылымын ұсынып отыр.

«Басты оқиғалар» бөлімінде базалық мөлшерлеме туралы шешім және қаржы нарығындағы ахуал туралы ақпарат берілген.

Сондай-ақ Сіздер басылым беттерінде дәстүрлі түрде Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат аласыздар.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар.....	4
2. «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №132 қаулысы.....	13
3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің дилерлік қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №23 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы №133 қаулысы.....	96
4. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды кіріс ету қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 29 маусымдағы №137 қаулысы	101



Базалық мөлшерлемені 9,25% деңгейде сақтау туралы

2019 жылғы 14 қаңтар

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені пайыздық мөлшерлемелердің +/-1 п.т. өзгермейтін дәлізімен 9,25% деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады.

Жылдық инфляция нысаналы бағдарға сәйкес деңгейде қалыптасуын жалғастырып отыр. 2018 жылғы желтоқсанда инфляция 5–7% нысаналы дәліздің төменгі шегіне жақын деңгейде қалыптасты. Экономикалық белсенділікті біртіндеп қалпына келтіру аясында инфляцияны нысаналы дәліздің шегінен тыс жібермеу Ұлттық Банк үшін басым міндет болып табылады. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі едәуір күйзелістер болмағанда 2019 жылдың соңында 4–6% жаңа нысаналы дәліздің ішінде инфляцияның қалыптасуына ықпал ететін болады.

Базалық мөлшерлеме бойынша одан әрі шешімдер нақты инфляцияның серпініне, оның болжамдық мәндеріне және тәуекел сценарийлерін іске асыру дәрежесіне орай қабылданатын болады. Негізгі шикізат нарықтарында нақты құбылмалылық сақталған кезде ол ішкі қаржы нарығындағы тұрақтылықты төмендетеді, ақша-кредит саясатын қатаңдату туралы шешім базалық мөлшерлеменің деңгейін кейіннен қарау кезінде қабылдануы мүмкін.

Жылдық инфляция 2018 жылдың соңында 5,3%-ды құрады. Тұтынушылық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің барлық негізгі топтары бағаларының қалыпты өсуі тіркелді. Бағалардың өсуіне аса көп үлесті азық-түлікке жатпайтын құрауыш (жылдық көрсеткіш бойынша 6,4%) қосты; азық-түлік тауарларының бағасы (5,1%-ға өсті) және ақылы қызмет көрсету бағасы (4,5%-ға өсті) жалпы инфляциядан төмен деңгейде қалыптасты.

Бұл ретте базалық инфляция желтоқсанда жалпы инфляциядан жоғары қалыптасып, 6,7%-ды құрады (2017 жылғы желтоқсанда 6,2%), бұл мұнай бағасының құбылмалылығына және сол сияқты ағымдағы жылы фискалдық ынталандырумен нығаятын ішкі сұраныстың жеделдеуіне байланысты жалпы инфляциялық аяның сақталуын растайды.

Сонымен қатар, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк инфляцияның жаңа, неғұрлым төмен дәлізде, оның жартысынан жоғарғы 4–6%, яғни 5–6% аралығында сақталатынын күтеді.

Инфляциялық күтулер айтарлықтай төмендеді. 2018 жылғы қарашада және желтоқсанда 12 ай алдағы уақытта күтілетін инфляцияның мәні тиісінше 5,3% және 5,0% болды (қыркүйек-қазандағы 6,4%-дан және 6,3%-дан кейін). Ағымдағы кезеңде инфляциялық күтулердің осы деңгейде жақын белгіленуі және олардың қысқа мерзімді перспективада орнықтылығының артуы Ұлттық Банктің маңызды міндеті болып қалады.

Сыртқы секторда мұнай бағасының құбылмалылығы байқалады. Олардың алдыңғы жылдың қазан-желтоқсанында алдыңғы бір жарым жылдағы ең төменгі мәндерге (бір баррель үшін 50,47 АҚШ долларына) дейін төмендеуінен кейін, қаңтарда олар бір баррель үшін 60 АҚШ долларынан жоғары деңгейге дейін оралды. Соған қарамастан, бұдан былайғы перспективаларға қатысты айтарлықтай белгісіздік сақталуда, бұл қысқа мерзімді, сол сияқты орта мерзімді перспективада тәуекелді сценарийлерді іске асыру үшін әлеуетті туындатады.

Сонымен қатар сыртқы инфляциялық аяның күшеюі байқалады. Негізгі сауда әріптес ретінде Ресейдегі нақты жылдық инфляция нысаналы көрсеткіштен жоғары қалыптасуда, ағымдағы жылы оның бұдан әрі жылдамдатылуын бағалау, Ресей импортының жоғары үлесін ескере отырып, Қазақстанның ішкі бағаларына проинфляциялық қысым үшін әлеуетті қалыптастырады.



Ішкі секторда ахуал алдыңғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қаңтар-қазанда халықтың нақты ақша кірістерінің 4,8%-ға өсуі аясында ішкі сұраныстың кеңеюімен сипатталуын жалғастырып отыр. Тұтынушылық кредиттеу көлемдерінің өсуі шамалы баяулады және қарашада жылдық көрсеткіште 11%-ды құрады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің ағымдағы серпіні **ақша-кредит талаптарын** бейтарап деңгейге жақын сақтап қалуға мүмкіндік береді. Бейтарап саясат инфляция бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізу мен экономикалық өсуді әлеуетті деңгейлерге жақын қолдау арасындағы теңгерімді сақтауға бағытталған.

Базалық мөлшерлеме бойынша бұдан былайғы шешім ішкі макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамды серпіні мен сыртқы нарықтардағы жағдайға байланысты болады. Негізгі өлшемшарттардың бірі 2020 жылдың соңына 4%-дық инфляция бойынша мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігі болып отыр. Әлемдік мұнай нарығының ағымдағы құбылмалылығының ішкі қаржы нарығының көрсеткіштеріне әсері сақталған жағдайда ақша-кредит саясатын қатандату туралы шешім базалық мөлшерлеменің деңгейін келесі қарау кезінде қабылдануы мүмкін.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2019 жылғы 4 наурызда Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.



Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2019 жылғы 25 қаңтар

Алматы қ.


1. 2018 жылғы желтоқсандағы инфляция және инфляциялық күтулер

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы желтоқсанда инфляция айлық көрсеткіште 0,7% болды. Жылдық инфляция 5–7% нысаналы дәліздің төменгі шегіне жақын сақталып, 5,3% (2017 жыл үшін – 7,1%) деңгейде қалыптасты.

Бағаның баяу өсу қарқыны инфляцияның барлық құрауыштары бойынша байқалды. Азық-түлік тауарларының бағасы 5,1%-ға (2017 жылы – 6,5%) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 6,4%-ға (2017 жылы – 8,9%), ақылы қызмет көрсету – 4,5%-ға (2017 жылы – 5,9%) өсті.

2018 жылғы желтоқсанда халықтың инфляциялық күтулері төмендеді. Халықтың пікіртерім нәтижелері бойынша инфляцияның бір жылдан кейін күтілетін сандық бағалауы бүкіл пікіртерім кезеңі үшін ең аз шамаға қол жеткізіп, 5,0% болды (1-график).

1-график. Инфляция және күтілетін инфляция



Дереккөзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті, GfK Kazakhstan

2. 2018 жылғы желтоқсандағы халықаралық резервтер және ақша агрегаттары

2018 жылғы желтоқсанда Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері алдын ала деректер бойынша 30,9 млрд. АҚШ долларына дейін 2,5%-ға немесе 762,2 млн. АҚШ долларына ұлғайды (жыл басынан бері 0,3%-ға немесе 88,0 млн. АҚШ долларына төмендеді).

Жалпы алғанда, елдің халықаралық резервтері Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (57,7 млрд. АҚШ долл.) қоса алғанда, 2018 жылғы желтоқсанның соңында 88,6 млрд. АҚШ долл. болды.

Банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуі, сондай-ақ Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар Үкіметтің және басқа ұйымдардың Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен бейтараптандырылды.

Ақша базасы 2018 жылғы желтоқсанда 11,1%-ға кеңейді және 6 650,9 млрд. теңге (жыл басынан бері 20,1%-ға кеңейді) болды. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 5 995,7 млрд. теңгеге




дейін 4,3%-ға кеңейді (жыл басынан бері 16,2%-ға кеңею).

Желтоқсандағы ақша массасы алдын ала деректер бойынша 4,6%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 7,0%-ға ұлғайды) және 20 813,4 млрд. теңге болды, айналыстағы қолма-қол ақша 2 260,2 млрд. теңгеге дейін 8,5%-ға ұлғайды (16,1%-ға ұлғайды).

3. Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы операциялары

Ұлттық Банктің 2019 жылғы 14 қаңтардағы шешімімен базалық мөлшерлеме +/-1%-дық¹ дәлізбен жылдық 9,25% деңгейінде сақталды (2-график).

2-график. Базалық мөлшерлеменің және оның пайыздық дәлізінің серпіні



Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. 2018 жылғы желтоқсанның соңында айналыстағы ноттардың көлемі бір айда аздап 0,5%-ға ұлғайып (жыл басынан бері 10,6%-ға өсу), 3 521,6 млрд. теңгені құрады.

Қысқа мерзімді ноттар эмиссиясының көлемі 2018 жылғы желтоқсанда 6 616,4 млрд. теңге болды. 24 аукцион, оның ішінде 6 050,4 млрд. теңге сомаға 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 18 аукцион, 379,8 млрд. теңге сомаға 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 3 аукцион, 59,7 млрд. теңге сомаға 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион, 59,6 млрд. теңге сомаға 6 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 66,9 млрд. теңге сомаға 1 жылдық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион өткізілді.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын өтеу көлемі 2018 жылғы желтоқсанда 6 562,0 млрд. теңге болды.

Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша орташа алынған кірістілік 8,78%, 1 айлық ноттар бойынша – 8,81%, 3 айлық ноттар бойынша – 8,83%, 6 айлық ноттар бойынша – 8,88%, 1 жылдық ноттар бойынша – 8,91% болды.

Тұрақты қолжетімді ақша-кредит саясатының құралдары. 2018 жылғы желтоқсанның соңында Ұлттық Банктің ашық позициясының көлемі тікелей РЕПО операциялары бойынша 135,7 млрд. теңге, кері РЕПО операциялары бойынша 221,0 млрд. теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттер бойынша 625,3 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы **операцияларының** теріс **сальдосы** (Ұлттық Банктің ашық позициясы) ашық нарықтағы операциялар бойынша және тұрақты қолжетімді құралдар бойынша бір айда 396,2 млрд. теңгеге ұлғайды және желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша 3,1 трлн. теңге болды.

Ақша нарығында ақша-кредит саясатының операцияларын жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторы² 2018 жылғы желтоқсанда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шегі деңгейінде қалыптасты. 2018 жылғы желтоқсанда TONIA-ның орташа алынған мәні жылдық 8,35% (2018 жылғы желтоқсанда – 8,27%) болды.

¹ Бірмезгілде ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі ұқсас деңгейде (9,25%) сақталды.

² Биржада МБҚ-мен автоматты РЕПО секторында жасалған, РЕПО-ны мерзімі бір жұмыс күніне ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме



3-график. Таргеттелетін индикатордың серпіні, %



Кірістілік қисығын қалыптастыру. 2018 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 77,6 млрд. теңгеге мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асырды. 1 аукцион (26 желтоқсанда) өткізілді, онда 15 жылдық МЕУКАМ орналастырылды. Олар бойынша орташа алынған кірістілік жылдық 8,60% болды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2018 жылғы желтоқсанның соңында ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (МЕУКАМ) орналастыру нәтижесінде 7 215,6 млрд. теңгеге дейін (2018 жылғы қарашадағы көлеммен салыстырғанда 1,1%-ға) ұлғайды.

2018 жылғы желтоқсанда кірістілік қисығының қысқа мерзімді қазынашылық облигациялардың неғұрлым ұзақ мерзімді құралдардың кірістілігіне қатысты кірістілігінің ұлғаюы нәтижесінде, оның ішінде соңғылары кірістілігінің төмендеуі есебінен инверстік нысаны орын алды. Кірістіліктің айтарлықтай төмендеуі өтеуге дейінгі 3 жылдан 7 жылға дейінгі бөлікте байқалды.

4-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі



4. 2018 жылғы желтоқсандағы валюта нарығы

2018 жылғы желтоқсанда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 369,35–384,20 теңге аралығында өзгерді. 2018 жылғы желтоқсанның соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір айда 3,4%-ға әлсіреп (жыл басынан бастап 15,6%-ға әлсіреді), бір АҚШ доллары үшін 384,2 теңге болды.


KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялардың жалпы көлемі бір айда 11,7 млрд. АҚШ доллары (бір айда 23,3%-ға төмендеу), оның ішінде Қазақстан қор биржасындағы биржалық сауда-саттықтардың көлемі – 2,8 млрд. АҚШ доллары (2,9%-ға ұлғаю), биржадан тыс валюта нарығындағы операциялардың көлемі – 8,9 млрд. АҚШ доллары (29,0%-ға төмендеу) болды. Бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеумен байланысты операцияларының көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 14,9%-ға азайып,



6,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, олардың биржадан тыс сауда-саттықтардың жалпы көлемінен үлесі 70,1%-ды құрады (2018 жылғы желтоқсанда 58,6%). Аталған операция ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етпейді.

2018 жылғы желтоқсанда халық нетто-негізде 223,5 млрд. теңге сомаға барабар қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын – 57,6% немесе 128,7 млрд. теңге, Ресей рублін – 31,1% немесе 69,5 млрд. теңге, еуро – 11,0% немесе 24,5 млрд. теңге сатып алуға бағытталды. Алдыңғы аймен салыстырғанда аталған шығыстар 11,8%-ға азайды. Валюта түрлеріне бөлгенде Ресей рублін сатып алуға шығыстар 6,4%-ға ұлғайды, АҚШ долларын және еуроны сатып алуға шығыстар тиісінше 19,4% және 11,8%-ға төмендеді.

5-график. Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сату серпіні, млрд. теңге



Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын нетто-сатуының 2018 жылғы жалпы көлемін (2,4 трлн. теңге) өткен жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткіштерімен (1,0%-ға ұлғаю) салыстыруға болады.

5. 2018 жылғы желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 2018 жылғы желтоқсанның соңында алдыңғы аймен салыстырғанда 4,1%-ға ұлғайып, 18 553,2 млрд. теңгені құрады. Занды тұлғалардың депозиттері 9 896,5 млрд. теңгеге дейін 4,6%-ға, жеке тұлғалардың депозиттері 8 656,8 млрд. теңгеге дейін 3,6%-ға өсті.

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі бір айда 9 569,0 млрд. теңгеге дейін 6,1%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 8 984,2 млрд. теңгеге дейін 2,1%-ға ұлғайды. Долларлану деңгейі 2018 жылғы желтоқсанның соңында 48,4%-ды құрады (2017 жылғы желтоқсанда 47,7%).

Занды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2018 жылғы желтоқсанда 5 017,3 млрд. теңгеге дейін 6,4%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттері 4 879,2 млрд. теңгеге дейін 2,8%-ға ұлғайды (занды тұлғалар депозиттерінің 49,3%-ы).

Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері 4 551,7 млрд. теңгеге дейін 5,8%-ға дейін, шетел валютасындағы депозиттері 4 105,1 млрд. теңгеге дейін 1,4%-ға ұлғайды (жеке тұлғалар депозиттерінің 47,4%-ы).

Мерзімді депозиттердің көлемі бір айда 5,6%-ға ұлғайып, 12 570,4 млрд. теңгені құрады. Олардың құрылымындағы ұлттық валютадағы салымдар 6 224,1 млрд. теңге, шетел валютасындағы салымдар 6 346,3 млрд. теңгені құрады.


Банктік емес занды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,1%-ды (2017 жылғы желтоқсанда – 8%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 10,4% – ды (11,7%) құрады.



6. 2018 жылғы желтоқсанның соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеу көлемі 2018 жылғы желтоқсанның соңында 13 091,8 млрд. теңгені құрады (бір айда 1,8%-ға өсті). Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 7 789,1 млрд. теңгеге дейін 2,5%-ға, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 5 302,6 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды.

6-график. Экономиканы кредиттеу көлемінің серпіні



Қайта құрылымдаудан өткен және лицензиядан айырылған банктердің кредиттік портфелін есепке алмағанда, экономиканы кредиттеудің жылдық өсуі 7,4%-ды немесе 883,5 млрд. теңгені құрайды.

Ұлттық валютамен кредиттердің көлемі бір айда 10 094,3 млрд. теңгеге дейін 1,2%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 1,5%-ға, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 0,8%-ға ұлғайды. Шетел валютасымен берілген кредиттердің көлемі 2 997,4 млрд. теңгеге дейін 3,9%-ға ұлғайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 4,4%-ға ұлғайды, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 3,7%-ға азайды. Теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 2018 жылғы желтоқсанның соңында 77,1%-ды құрады (2017 жылғы желтоқсанда – 73,7%).

Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі бір айда 11 104,2 млрд. теңгеге дейін 1,3%-ға, ал қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 1 987,6 млрд. теңгеге дейін 4,7%-ға ұлғайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бір айда 2,4%-ға (2 363,9 млрд. теңгеге дейін немесе экономикаға кредиттердің жалпы көлемінен 18,1%) төмендеді.

Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға кредиттерінің ең қомақты сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 15,5%), сауда (13,8%), құрылыс (5,8%), көлік (4,5%) және ауыл шаруашылығы (3,7%) сияқты салаларға тиесілі.

2018 жылғы желтоқсанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 11,7% (2017 жылғы желтоқсанда – 13,2%), жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша 17,2% (19,2%) болды.

7. 2018 жылғы төлем жүйелері

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында 20 төлем жүйесі, оның ішінде Ұлттық Банктің төлем жүйелері, ақша аудару жүйелері, төлем карточкаларының жүйелері мен өзге де төлем жүйелері жұмыс істейді.

2018 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі мен Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы 834,6 трлн. теңге сомаға 42,9 млн. транзакция жүргізілді (2017 жылмен салыстырғанда төлемдердің саны 17,5%-ға ұлғайды, төлемдер сомасы 1,9%-ға



азайды). Орташа алғанда, бір күн ішінде аталған төлем жүйелері арқылы 3,4 трлн. теңге сомаға 174,6 мың транзакция жүргізілді.

2018 жылы Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының көлемі 20,0 трлн. теңге сомаға 810,2 млн. транзакцияны құрады (2017 жылмен салыстырғанда транзакциялардың саны 73,3%-ға ұлғайды, сомасы 44,9%-ға өсті). Қазақстан эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операцияларының жалпы құрылымында қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер санының үлесі 64,7%-ға дейін (2017 жылы 49,6%) өсті, қолма-қол ақшасыз жасалған төлемдер көлемінің үлесі 32,0%-ға (22,1%) дейін ұлғайды.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында төлем карточкаларының шығарылымын 22 банк пен «Қазпочта» АҚ жүзеге асырды, эмиссияланған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 23,4 млн. болды. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі мынадай болды: 11,0 мың банкомат, 135,8 мың POS-терминал. 2019 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанда төлем жасау үшін төлем карточкаларын қабылдайтын 82,5 мың сауда кәсіпорны жұмыс істеді, бұл олардың 2018 жылғы 1 қаңтардағы санынан 4,9%-ға асты.

2018 жылы халықаралық ақша аударымы жүйелері арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы көлемі 674,9 млрд. теңге сомаға 3,0 млн. аударымды құрады. 2017 жылмен салыстырғанда ақша аударымдары көлемінің өсуі 27,9%-ды құрады. Жөнелтілген аударымдардың жалпы көлемінен Қазақстаннан тыс жерлерге транзакциялардың жалпы санының 90,1%-ы (2,7 млн. транзакция) және жалпы сомасының 89,2%-ы (601,8 млрд. теңге) жіберілді. Қазақстан бойынша ақша аударымы жүйелері арқылы ақша аударымдарының жалпы санынан 9,9% (0,3 млн. транзакция) және жалпы сомасынан 10,8% (73,0 млрд. теңге) жүргізілді. Шетелден халықаралық ақша аударымдары жүйелері арқылы 362,0 млрд. теңге сомаға 1,5 млн. транзакция алынды.

8. 2018 жылғы желтоқсандағы банк секторы

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 28 банк жұмыс істейді.

Банк секторының жиынтық активтері 2019 жылғы 1 қаңтарда 25 241,0 млрд. теңгені (2018 жылдың басынан бері 4,5%-ға ұлғаю) құрады. Активтердің құрылымында ең көп үлес кредиттерге – 50,7%, бағалы қағаздар портфеліне – 19,7%, қолма-қол ақша, тазартылған бағалы металдар мен корреспонденттік шоттарға – 13,8% тиесілі.

90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттер (NPL) 1 016,3 млрд. теңгені немесе несие портфелінің 7,4%-ын құрады.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 776,6 млрд. теңге немесе несие портфелінің 12,9%-ы (2018 жылдың басында – 2 126,4 млрд. теңге немесе 15,6%) мөлшерінде қалыптасты.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 22 223,4 млрд. теңгені (2018 жылдың басынан бастап 5,2%-ға ұлғаю) құрады. Банктер міндеттемелерінің құрылымында ең жоғары үлесті клиенттердің салымдары – 76,7%-ды, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 7,5%-ды, басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар – 3,7%-ды иеленеді.

Жиынтық міндеттемелерде банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 2018 жылдың басымен салыстырғанда 5,6%-дан 6,2%-ға дейін (1 286,6 млрд. теңгеге дейін) ұлғайды.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторының жиынтық меншікті капиталы 2018 жылғы қаңтар-желтоқсанда 0,4%-ға азайып, 3 017,6 млрд. теңге болды.

Таза пайда (табыс салығын төлегеннен кейін ағымдағы кірістердің ағымдағы шығыстардан асып кетуі) 638,4 млрд. теңгені құрады.



Екінші деңгейдегі банктердің таза пайыздық маржасы және пайыздық спреді 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тиісінше 5,12% және 4,01% болды.

9. 2018 жылғы желтоқсандағы сақтандыру секторы

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру секторында 29 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жұмыс істейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2019 жылғы 1 қаңтарда 1 048,5 млрд. теңге (2018 жылдың басынан бастап 13,3%-ға ұлғаю) болды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2018 жыл ішінде 580,2 млрд. теңгеге дейін 13,0%-ға ұлғайды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 2018 жыл ішінде 12,8%-ға өсті және 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 519,5 млрд. теңгені құрады.

Меншікті капитал 468,3 млрд. теңге (2018 жылдың басынан бері 13,7%-ға өсу) болды.

Сақтандыру сыйлықақылары 2018 жылдың ішінде 384,8 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға ұлғайды, олардың ішінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 350,5 млрд. теңге болды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2017 жылмен салыстырғанда 89,2 млрд. теңгеге дейін 34,8% – ға ұлғайды. Жиынтық сақтандыру сыйлықақыларында «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 23,2% (2018 жылғы 1 қаңтарға 17,9%) болды.

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 89,8 млрд. теңгені немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 23,3%-ын құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының 83,7%-ы Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді.

2018 жылдың ішінде жүргізілген сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі (қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде) 70,8 млрд. теңге болды, ол 2017 жылмен салыстырғанда 3,2%-ға аз.

10. 2018 жылғы зейнетақы жүйесі

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2018 жыл ішінде 1 596,9 млрд. теңгеге ұлғайып (20,5%), 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9 377,6 млрд. теңгені құрады.

2018 жыл ішінде 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 692,0 млрд. теңге болған зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» кірістің 917,1 млрд. теңгеге ұлғаюы болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының саны (зейнетақы жинақтары жоқ ЖЗШ-ны есептегенде) 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 9,9 млн. шот болды.

2018 жылы зейнетақы төлемдерінің сомасы 168,6 млрд. теңгені құрады.

2019 жылғы 1 қаңтарға БЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесі, бұрынғыша, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздарына (зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің тиісінше 42,5%-ы және 29,6%-ы) тиесілі.



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде
2018 жылғы 6 тамызда № 17273
тіркелген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.,

2018 жылғы 29 маусым

№ 132

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бухгалтерлік есепті жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы №270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7978 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінде №818-823 (27894) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларында:
45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«45. Қолма-қол ақшаны қабылдау ұйымның басшысы (не оның орнындағы адам) белгілеген лауазымды тұлға (тұлғалар), кассир және қолма-қол ақшаны енгізген адам қол қойған кассалық кіріс ордері (бұдан әрі – кіріс ордері) бойынша жүргізіледі. Қолма-қол ақшаны енгізген адамға лауазымды тұлға және кассир қол қойған түбіртек (кіріс ордерінің жыртпалы бөлігі) беріледі.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Қолма-қол ақшамен есептеуді жүзеге асыру үшін ұйым әр касса үшін жеке касса кітабын жүргізеді. Кассалық кітаптар нөмірленеді және тігіледі. Касса кітабындағы парақтар саны ұйым (филиал, өкілдік) басшысының (не оның орнындағы адамның) және бас бухгалтерінің қолдарымен расталады.».

2. «Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы №41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13504 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 7 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікке бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам) және бас бухгалтер қол қояды және ол ұйымда сақталады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және (немесе) Ұлттық Банктің аумақтық филиалының талап етуі бойынша ұйым сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс



күнінен кешіктірмей түзетулері және өшірілген жерлері болмауға тиіс қағаз тасымалдағыштағы қаржылық есептілікті ұсынады.»;

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитетінің Төрағасы

_____ Н. Айдапкелов

2018 жылғы «__» _____



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 132 қаулысына
1-қосымша**

**Қаржы ұйымдарының,
арнайы қаржы компанияларының,
ислам арнайы қаржы компанияларының,
микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті
ұсынуы қағидаларына
1-қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік баланс»
нысаны**

Есепті кезең: _____ жыл

Индекс: Ф1-АҚК

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынатындар: арнайы қаржы компаниялары

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін



(арнайы қаржы компаниясының толық атауы)
_____ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік балансы

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Бөлінген активтер	1		
оның ішінде:			
талап ету құқықтары	1.1		
кастодиан банктің шоттарындағы бөлінген активтер	1.2		
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2		
Акциялар	3		
Борыштық бағалы қағаздар	4		
Туынды бағалы қағаздар	5		
Басқа да активтер	6		
Активтердің жиынтығы	7		
Міндеттемелер			
Шығарылған облигациялар	8		
Есептелген купон бойынша кредиторлық берешек	9		
Басқа да міндеттемелер	10		
Міндеттемелердің жиынтығы	11		

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам)

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

күні

Бас бухгалтер

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

күні

Орындаушы

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

Орындаушының телефоны _____



**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер мен
облигациялар бойынша бухгалтерлік
баланс» нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Бөлінген активтер мен облигациялар
бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Бөлінген активтер мен облигациялар бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды арнайы қаржы компаниясы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бөлінген активтер мен облигациялар бойынша жыл сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда алдыңғы есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 1 – 11-жолдарда бас кітаптан немесе дерекқордан алынған ақпарат негізіндегі, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 132 қаулысына
2-қосымша

Қаржы ұйымдарының,
арнайы қаржы компанияларының,
ислам арнайы қаржы компанияларының,
микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті
ұсынуы қағидаларына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік баланс» нысаны
Есепті кезең: ____ жыл

Индекс: Ф1-ИАҚК

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынатындар: ислам арнайы қаржы компаниялары

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін



Нысан

**(ислам арнайы қаржы компаниясының толық атауы)
_____ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік балансы**

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Екінші деңгейдегі банктердің шоттарындағы ақша	1		
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	2		
Акциялар (қатысу үлестері)	3		
Жалға берілген бөлінген активтер	4		
Басқа да активтер	5		
Активтердің жиынтығы	6		
Міндеттемелер			
Айналысқа шығарылған исламдық жалдау сертификаттары	7		
Айналысқа шығарылған исламдық қатысу сертификаттары	8		
Исламдық бағалы қағаздар бойынша кірісті төлеуге байланысты кредиторлық берешек	9		
оның ішінде:			
исламдық жалдау сертификаттары бойынша	9.1		
исламдық қатысу сертификаттары бойынша	9.2		
Комиссиялық сыйақылар бойынша кредиторлық берешек	10		
Басқа да міндеттемелер	11		
Міндеттемелердің жиынтығы	12		

Бірінші басшы

(ол болмаған кезеңде – оның
орнындағы адам)_____
Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)_____
қолы_____
күні

Бас бухгалтер

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)_____
қолы_____
күні

Орындаушы

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)_____
қолы

Орындаушының телефоны



**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша
бухгалтерлік баланс» нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын
толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Бөлінген активтер бойынша бухгалтерлік баланс» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ислам арнайы қаржы компаниялары есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бөлінген активтер бойынша жыл сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді.

Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда алдыңғы есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

8. 1 – 12-жолдарда бас кітаптан немесе дерекқордан алынған ақпарат негізіндегі, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 132 қаулысына
3-қосымша**

**Қаржы ұйымдарының,
арнайы қаржы компанияларының,
ислам арнайы қаржы компанияларының,
микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті
ұсынуы қағидаларына
3-қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп» нысаны
Есепті кезең: ____ жыл**

Индекс: Ф1-ИАҚК

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынатындар: ислам арнайы қаржы компаниялары

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін



**(ислам арнайы қаржы компаниясының толық атауы)
_____ жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
бөлінген активтер бойынша пайда және зиян туралы есебі**

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
Кірістер			
Қаржылық жалдаудан түскен кірістер	1		
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	2		
Инвестициялық жоба бойынша кірістер	3		
оның ішінде:			
акциялар бойынша дивидендтер түрінде	3.1		
Басқа да кірістер (түсімдер)	4		
Кірістердің жиынтығы	5		
Шығыстар			
Исламдық бағалы қағаздар бойынша кірістерді төлеуге байланысты шығыстар	6		
оның ішінде:			
исламдық жалдау сертификаттары бойынша	6.1		
исламдық қатысу сертификаттары бойынша	6.2		
Комиссиялық сыйақылар	7		
Операциялық шығыстар	8		
оның ішінде:			
амортизациялық аударымдар және тозу	8.1		
ағымдағы салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	8.2		
Басқа да шығыстар	9		
Шығыстардың жиынтығы	10		
Резервтік қорды құрғанға дейінгі таза пайда	11		
Резервтік қорды қалыптастыру (қалпына келтіру) шығыстары	12		
Таза пайданың (зиянның) жиынтығы	13		



Бірінші басшы
(ол болмаған кезеңде – оның
орнындағы адам)

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

күні

Бас бухгалтер

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

күні

Орындаушы

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

Орындаушының телефоны



**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша
пайда мен зиян туралы есеп»
нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп» нысанын
толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Бөлінген активтер бойынша пайда мен зиян туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ислам арнайы қаржы компаниялары есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша бөлінген активтер бойынша жыл сайын толтырады.

4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

5. Толтырылған нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.

7. 4-бағанда алдыңғы кезеңнің деректері көрсетіледі.

8. 1 – 13-жолдарда бас кітаптан немесе дерекқордан алынған ақпарат негізіндегі, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 132 қаулысына
4-қосымша**

**Қаржы ұйымдарының,
арнайы қаржы компанияларының,
ислам арнайы қаржы компанияларының,
микроқаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті
ұсынуы қағидаларына
4-қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бухгалтерлік баланс» нысаны
Есепті кезең: ____ жылғы _____**

Индекс: Ф1-СҰ, СБ

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Ұсынатындар: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімдері:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей – сақтандыру брокерлері.

Қаржылық есептілік түрі: жеке



**(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің толық атауы)**

_____ жылғы «___» _____ жағдай бойынша
бухгалтерлік балансы

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Жол коды	Есепті кезеңнің соңында	Алдыңғы жылдың соңында
1	2	3	4
Активтер			
Ақшалай қаражат және ақша қаражатының баламалары	1		
Орналастырылған салымдар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	2		
Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	3		
Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	4		
«Кері РЕПО» операциялары	5		
Тазартылған бағалы металдар	6		
Туынды қаржы құралдары	7		
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	8		
Болған, бірақ мәлімделмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	9		
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	10		
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	11		
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян бойынша қайта сақтандыру активтері (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	12		
Сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	13		
Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер	14		



Басқа дебиторлық берешек (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	15		
Сақтанушыларға берілген қарыздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	16		
Болашақ кезеңдердің шығыстары	17		
Ағымдағы салық активі	18		
Кейінге қалдырылған салық активі	19		
Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (құнсыздануға арналған резервтерді шегергенде)	20		
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	21		
Қорлар	22		
Негізгі құрал-жабдықтар (нетто)	23		
Инвестициялық мүлік	24		
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	25		
Материалдық емес активтер (нетто)	26		
Басқа активтер	27		
Активтердің жиынтығы	28		
Міндеттемелер			
Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві	29		
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған зиян резерві	30		
Аннуитет шарттары бойынша болмаған зиян резерві	31		
Болған, бірақ мәлімделмеген зиян резерві	32		
Мәлімделген, бірақ реттелмеген зиян резерві	33		
Алынған қарыздар	34		
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысулар	35		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысулар	36		
Акционерлермен дивидендтер бойынша есеп айырысулар	37		
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төленуге тиіс шоттар	38		
Басқа кредиторлық берешек	39		
Бағалау міндеттемелері	40		
«РЕПО» операциялары	41		
Туынды қаржы құралдары	42		
Шығарылған облигациялар	43		
Болашақ кезеңдердің кірістері	44		
Ағымдағы салық міндеттемесі	45		
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	46		
Басқа міндеттемелер	47		
Міндеттемелердің жиынтығы	48		



Капитал			
Жарғылық капитал (құрылтайшылардың жарналары)	49		
Алынған капитал (құрылтайшылардың жарналары)	50		
Резервтік капитал	51		
Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал)	52		
Болжанбаған тәуекелдердің резерві	53		
Тұрақтандыру резерві	54		
Басқа резервтер	55		
Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)	56		
оның ішінде:			
алдыңғы жылдардың	56.1		
есепті кезеңнің	56.2		
Капиталдың жиынтығы	57		
Капиталдың және міндеттемелердің жиынтығы	58		

Бірінші басшы
(ол болмаған кезеңде – оның
орнындағы адам)

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде) қолы күні

Бас бухгалтер

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде) қолы күні

Орындаушы

Тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде) қолы

Орындаушының телефоны



**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Бухгалтерлік баланс» нысанына
қосымша**

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Бухгалтерлік баланс»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Бухгалтерлік баланс» нысанын (бұдан әрі – нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.
2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65) тармақшасына сәйкес әзірленді.
3. Нысанды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша ай сайын және сақтандыру брокері тоқсан сайын толтырады.
4. Нысанды толтыру кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.
5. Толтырылған нысанға бірінші басшы (ол болмаған кезеңде – оның орнындағы адам), бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

2-тарау. Нысанды толтыру

6. 3-бағанды толтыру кезінде есепті кезеңнің соңғы күнін қоса алғанда, есепті кезеңнің соңындағы деректер көрсетіледі.
7. 4-бағанда алдыңғы жылдың соңындағы деректер көрсетіледі.
8. 1 – 58-жолдарда бас кітаптан немесе дерекқордан алынған ақпарат негізіндегі, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптары ескеріле отырып топтастырылған деректер көрсетіледі.



Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 маусымдағы
№ 132 қаулысына
5-қосымша

Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы
компанияларының, ислам арнайы қаржы
компанияларының, микроқаржы ұйымдарының
қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Пайда мен зиян туралы есеп» нысаны
Есепті кезең: ____ жылғы _____

Индекс: Н2-СҮ, СБ

Кезеңділігі: ай сайын, тоқсан сайын

Ұсынатындар: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімдері:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей – сақтандыру брокерлері.

Қаржылық есептілік түрі: жеке



Нысан

**(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, исламдық сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің толық атауы)**

